

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының "Қарасу – автожол" және Қырғыз Республикасының "Ақ-Тілек – автожол" өткізу пункттері арасында жаңа көпір салу және қолданыстағы көпірді реконструкциялау бойынша бірлескен іс-қимылдар туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 285 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2019 жылғы 27 қарашада Бішкекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының "Қарасу – автожол" және Қырғыз Республикасының "Ақ-Тілек – автожол" өткізу пункттері арасында жаңа көпір салу және қолданыстағы көпірді реконструкциялау бойынша бірлескен іс-қимылдар туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Ескерту. Нормативтік құқықтық
актіге қоса тіркелген
халықаралық келісімнің мәтіні
ресми болып табылмайды. ҚР
халықаралық келісімінің
жасасқан тілдердегі ресми
куәландырылған көшірмесін ҚР
халықаралық келісімдерін
тіркеуге, есептеуге жән
сақтауға жауапты ҚР Сыртқы
істер министрлігінен алуға
болады

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 12 мамырдағы
№ 285 қаулысымен
бекітілді

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының "Қарасу – автожол" және Қырғыз Республикасының "Ақ-Тілек – автожол" өткізу пункттері арасында жаңа көпір салу және қолданыстағы көпірді реконструкциялау бойынша бірлескен іс-қимылдар туралы
КЕЛІСІМ**

(2020 жылғы 11 қыркүйекте күшіне енді – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2020 ж., N 6, 24-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі

екі мемлекеттің өңірлері арасында өзара алмасулар және сауда-экономикалық байланыстар үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында

жыл бойы сенімді және тұрақты қатынасты қамтамасыз ету және дамыту қажеттілігін негізге ала отырып,

Қазақстан Республикасының "Қарасу – автожол" және Қырғыз Республикасының "Ақ-Тілек – автожол" өткізу пункттері арасындағы автожол көпірлерін жобалау, салу, реконструкциялау, пайдалану және оны күтіп-ұстау жөніндегі бірлескен іс-қимылдар туралы шешімді іске асыруға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде "көпірлер" термині Қазақстан Республикасының "Қарасу – автожол" және Қырғыз Республикасының "Ақ-Тілек – автожол" өткізу пункттері арасындағы шекаралық Шу өзенінің арнасы арқылы өтетін автожол көпірлері (бұдан әрі – көпірлер) деп түсініледі.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіруді Тараптардың уәкілетті органдары:

Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;

Қырғыз тарапынан – Қырғыз Республикасы Көлік және жолдар министрлігі жүзеге асырады.

Өздерінің уәкілетті органдары өзгерген жағдайда Тараптар бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

3-бап

Көпірлерді жобалауға, салуға, реконструкциялауға пайдалануға және оған қызмет көрсетуге жауапты ұйымдар:

Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті;

Қырғыз тарапынан – Қырғыз Республикасы Көлік және жолдар министрлігінің жанындағы жол шаруашылығы департаменті.

Тараптар жоғарыда аталған жауапты ұйымдардың атаулары немесе функциялары өзгергені туралы дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабардар ететін болады.

4-бап

1. Жаңа көпірді салу және көпірді реконструкциялау шекаралық Шу өзенінің су ағынының бағытын өзгертпеуі, оның арнасының, жағалау сызығының және мемлекеттік шекараның өтуінің өзгеруін туғызбауы, осы аудандағы кеме қатынасының қауіпсіздігіне, экологиялық және өзге де қауіпсіздікке нұқсан келтірмеуге тиіс.

2. Көпірлерді Тараптардың әрқайсысы өз аумағында бір уақытта тұрғызуы керек, Көпірлер құрылысы және реконструкциялау аяқталғаннан кейін тең үлестерде Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының меншігіне берілетін болады.

3. Көпірлерді пайдалануды және күтіп-ұстауды Тараптардың ұйымдары әрқайсысы өзінің бөлігінде жүзеге асыратын болады.

4. Көпірлерді пайдаланудың және күтіп-ұстаудың нақты режимін Тараптардың осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген органдары қосымша келіседі.

5. Тараптардың мемлекеттік шекаралары арқылы өткізу мемлекеттік шекарада және шекаралық белдеуде шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге де қызметті жүргізу үшін өндірістік қажеттілік бойынша трансшекаралық құрылысжайларда қызмет көрсететін персоналдың болу тәртібі 2017 жылғы 25 желтоқсанда Астана қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қырғыз мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімде белгіленген тәртіппен айқындалады.

5-бап

1. Көпірлерді салуға байланысты барлық шығыстарды, оның ішінде материалдық-техникалық ресурстарды тарта отырып, жобалау-іздістіру жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ Көпірлерді салуға және реконструкциялауға байланысты басқа да шығыстарды Тараптар тең үлеспен көтереді.

2. Көпірлерге көліктік кіреберістер, қосалқы объектілер мен құрылысжайлар салуды әрбір Тарап өз мемлекетінің аумағында дербес жүзеге асырады және Көпірлер құрылысының аяқталуымен бір мезгілде аяқтайды.

6-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген ұйымдар Келісімге қол қойылған күннен бастап 3 (үш) айдың ішінде ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізеді, Көпірлерді салудың нақты мәселелерін, оның ішінде нәтижелерін бекітуді, Көпірлерді пайдалану және оны күтіп-ұстау режимін қоса алғанда, іздестіру және жобалау жұмыстарын, олардың тиісті сараптамаларын жүргізу бөлігіндегі мәселелерді реттейтін қажетті шарттық құжаттарды әзірлейді және оларға қол қояды.

7-бап

Осы Келісімді түсіну және қолдану бойынша даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер арқылы шешеді.

8-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

10-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тарапты оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабардар еткен күннен бастап 6 (алты) ай өткенге дейін күшінде қалады.

20__ жылғы _____ " _____ " қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер болған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін